ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылы 14 қазан №7119-24-00-2/12820 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ҚР ПІБ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Каусар» атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «ҚР ПІБ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМК-нің жауапкер ЖК «Каусар» атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызын мемлекеттік сатудың жозықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Каусар» атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Каусар» атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 14.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.11.2024, судья Абенова А. Ч., 26.11.2024
7119-24-3-1/12202

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 14.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.11.2024, судья Абенова А. Ч., 26.11.2024

7119-24-3-1/12202